

«Оқытудың тиімді әдістері мен цифрлық құралдарды қолдану арқылы білім сапасын қамтамасыз ету» облыстық шығармашылық шеберханасының I отырысы

Ақтөбе қаласындағы Пригород орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Кадырова Акерке Елубаевнаның жетекшілігімен «Оқытудың тиімді әдістері мен цифрлық құралдарды қолдану арқылы білім сапасын қамтамасыз ету» облыстық шығармашылық шеберханасының I отырысы өтті.

Шеберхана педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, тиімді педагогикалық тәжірибені таратуға және білім беру үдерісіне заманауи тәсілдерді енгізуге бағытталды.

Шығармашылық шеберхана жұмысы барысында оқыту әдістерін білім алушылардың қажеттілігіне сай тиімді таңдау, цифрлық ресурстарды сабақ мақсатына сәйкес ұтымды пайдалану және оқу нәтижесін жақсартуға бағытталған педагогикалық шешімдер талқыланды.

Отырыста педагогтер заманауи сабақтың мазмұны мен құрылымын жетілдіруге бағытталған әдіс-тәсілдерді ортаға салып, цифрлық құралдарды оқу тапсырмаларын әзірлеу, оқушының белсенділігін арттыру, кері байланыс ұйымдастыру және білім нәтижесін бағалау барысында қолданудың тиімді жолдарын көрсетті.

Практикалық бөлімде қатысушылар нақты тапсырмалармен жұмыс жасап, цифрлық ресурстарды сабақтың әр кезеңінде орынды кіріктірудің мүмкіндіктерін саралады. Әсіресе, цифрлық құралды қолданудың өзі мақсат емес, оқыту сапасын арттыруға қызмет ететін педагогикалық құрал болуы қажеттігіне назар аударылды.

Шеберхана аясындағы пікір алмасу педагогтерге өз тәжірибесін зерделеп, тиімді әдістерді іріктеуге, жаңа идеялармен толықтыруға және сабақ үдерісін жетілдірудің нақты бағыттарын айқындауға ықпал етті.

«Оқытудың тиімді әдістері мен цифрлық құралдарды қолдану арқылы білім сапасын қамтамасыз ету» облыстық шығармашылық шеберханасының II отырысы




Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының Пригород орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Кадырова Акерке Елубаевнаның жетекшілігімен «Оқытудың тиімді әдістері мен цифрлық құралдарды қолдану арқылы білім сапасын қамтамасыз ету» облыстық шығармашылық шеберханасының кезекті II отырысы ZOOM платформасы арқылы өтті.

Басқосу – білім беру үдерісін жаңғыртуға бағытталған ізденістердің жарқын көрінісі. Шеберхана барысында қатысушыларға PixVerse, Gemini, Neuzine секілді заманауи цифрлық қосымшалардың мүмкіндіктері мен тиімділігі таныстырылып, Tarsia әдісін қолдану арқылы білім сапасын арттыру жолдары көрсетілді.

Шеберхананың мақсаты тәжірибе алмасумен шектелмей, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін шыңдауға, жаңа әдістемелік тәсілдерді меңгеруге

бағытталды. Padlet.com тақтасы арқылы алынған кері байланыс шеберханаға қатысушылардың белсенділігін арттырып, олардың пікірлері мен ойлары ортақ талқылауға негіз болды.

Шеберхана – ұстаздардың шығармашылық әлеуетін дамытатын, білім беру кеңістігін жаңа идеялармен байытатын алаңға айналды. Мұғалімдердің өзара тәжірибе бөлісуі – білім сапасын қамтамасыз етудің басты кепілі екендігі тағы бір мәрте айқындалды.



«Оқытудың тиімді әдістері мен цифрлық құралдарды қолдану арқылы білім сапасын қамтамасыз ету» облыстық шығармашылық шеберханасының III отырысы

Ақтөбе қаласы Пригород орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Акерке Елубаевна Кадырованың шығармашылық шеберханасында оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері, цифрлық құралдарды сабақта тиімді қолдану жолдары талқыланды.

Тәжірибелік бөлімде ұлттық құндылықтарды оқу мазмұнына кіріктіру тетіктері, Grok, D-ID, Suno платформаларының мүмкіндіктері қарастырылды. Педагогтер мультфильмдер жасау, ойындар құрастыру және контентті түрлендіру жолдарымен танысып, Gamma AI мен Gimkit платформаларын қолданудың тиімді тәжірибелерін үйренді.

Отырыс барысында цифрландыру дәуіріндегі білім берудің өзекті мәселелері қозғалып, мазмұнды пікір алмасу ұйымдастырылды.

«Оқытудың тиімді әдістері мен цифрлық құралдарды қолдану арқылы білім сапасын қамтамасыз ету» облыстық шығармашылық шеберханасының қорытынды отырысы

Ақтөбе қаласы №31 Пригород орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Акерке Кадырованың жетекшілігімен «Оқытудың тиімді әдістері мен цифрлық құралдарды қолдану арқылы білім сапасын қамтамасыз ету» шығармашылық шеберханасының IV отырысы өтті.

Шара барысында сабақта қолдануға болатын тиімді әдістер көрсетіліп, цифрлық құралдарды пайдалану жолдары нақты мысалдармен айқындала түсті.

Қатысушылар жаңа тәсілдерді талқылап қана қоймай, оларды оқу процесінде қалай қолдануға болатынын тәжірибе негізінде қарастырды.

Қорытынды отырыс педагогтердің кәсіби дамуына серпін беріп, білім сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдармен ерекшеленді.